

УДК 356.3

САЙЛАУ ЖҮЙЕМІЗДЕГІ ЦИФЛАНДЫРУ СЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Сахипова Акмарал Болатовна

akma2009@mail.ru

Заң факультетінің 1 курс магистранты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
Нұр-сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент Сактаганова И.С.

Қазіргі таңда интернет желісін қолданбай, адам өмірінің бір күнін көз алдымызға елестетіп көрудің өзі қиын. Күнделікті күйбең тіршілікте адам баласы интернетте шамамен тәуліктің жарты уақытымен шамалас мерзім отырады екен. Себебі жаңа заманға сай гаджеттердің дамығаны соншалық, адам баласы бір жерде отырып-ақ, әлемнің түкпір-түкпіріндегі шаруларын басқарып жүре алады. Бұл – цифрландыру саясатының күннен күнге қарқын дамып келе жатқандығының көрінісі.

Цифрландыру жүйесі барлық елде орын алуда, соған байланысты кез келген мемлекет цифрландыру аясындағы даму деңгейін өзі анықтауға құқылы. Мысалы, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз кезегінде, «цифрландыру саясаты – елімізді жаңа бір жеткінші мемлекет қатарына қосатын болашаққа қадам, ал цифрландыру революциясы – өршіл мемлекеттің сенімді әрекеттеріне арналған уақыт» деп айтып өткен болатын. Соған байланысты 2017 жылы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Оның негізі «Қазақстанның үшінші модернизациясы: ғаламдық бәсекеге қабілеттілік» атты 2017ші жылғы 31ші қаңтар айындағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы болып табылады.[1]

Ал енді жоғарыда атап өтілген мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаты: республикамыздың экономикалық жоғарылауын дамыту қарқындылығын айтарлықтай тездету және сандық технологиялар есебінен, тұрғылықты халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту шараларын іс жүзінде атқару болып отыр. Сонымен қатар қазақстандық экономиканың жаңа траекториялық даму сатысына өткізуді қажетті нысанда қамтамасыз ету де қарастырылады.

2018-2022ші жылдар аралығын қамтитын бұл мемлекеттік бағдарлама елдің басты салаларын техникалық модернизациялау үшін қосымша мүмкіндік береді және еңбек өнімділігінің ауқымды да ұзақ мерзімді өсіп өнуін қалыптастырады.

Ал енді сол аталмыш «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына қысқаша тоқталып өтсем.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі 2017ші жылғы 12 желтоқсанда шыққан №827ші қаулысына сәйкес, оның басты мақсаты - орта мерзімді перспективада республика экономикасының даму

қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау.[2]

Кез келген стратегияны болсын, мемлекеттік бағдарламаларды болсын қабылдар кезде, оның не үшін және қандай мақсатты орындау үшін қажеттілігі талқыға салынады. Сол сияқты жоғарыда қарастырылып отырған бұл бағдарлама келесідей нақты бес бағытты қамтиды:

1. Экономика салаларын цифрландыру.
2. Цифрлық мемлекетке көшу.
3. Цифрлық Жібек жолын іске асыру.
4. Адами капиталды дамыту.
5. Инновациялық экожүйені құру.

Қазақстан Республикасы Елбасы Н.Ә. Назарбаев осы мемлекеттік бағдарламаны іске асыруда еліміздің Үкіметіне басты міндет етіп қойып, оның бұл істі толыққанды және жанжақты атқаратынына үлкен сенім артып отыр. Осы жерде тағы бір айта кететін жәйт, Н.Ә.Назарбаевтың 10.01.2018 жылғы Халыққа жолдауында да Елбасы мемлекеттік органдарда цифрландыру жүйесін жүзеге асыру маңызды рөлге ие екендігін көрсетті. Оның ішінде мемлекеттік органдар халықпен, бизнеспен жұмыс атқару арысында көптен қолдану керектігін де айтты. Жекелеп айтқанда, халық не еліміздің азаматтары мен азаматшалары олардың мемлекеттік органдарға берген өтініштері қалай қаралып, кімге қашан өткендігін анық бақылап отыруға, олардан жауапты уақытылы алуға да міндетті.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының екінші бағытына сәйкес, еліміз толыққанды цифрлық мемлекетке айналу үшін мемлекеттің барлық салаларындағы жұмыс толығымен цифрландырылуы тиіс. Атап айтқанда, мысал ретінде Орталық сайлау комиссиясының қызметі.

Сайлау жүйесі ұғымы әдетте екі - тар және кең мағынада қолданылады. Кең мағынада сайлау жүйесі дегеніміз - Қазақстан Республикасындағы сайлауды өткізу мен ұйымдастыруға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар жүйесі. Оған сайлау комиссияларын құру мен олардың қызметі, сайлау округтерін, учаскелерін құру, сайлау алдындағы үгіт-насихат, сайлаудың қорытындыларын анықтау, т. б. жатады. Тар мағынада сайлау жүйесі дегеніміз - сайлауға қатысқан [кандидаттардың](#) немесе саяси партиялардың жеңімпаздарын анықтау.

Қазақстан Республикасында мажоритарлық және пропорционалды сайлау жүйелері қолданылады.

Президент, Парламент депутаттарын сайлауда *мажоритарлық* сайлау жүйесі қолданылады. Осыған сәйкес:

- дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (тандаушылардың) 50%-дан астам дауысын алған (мұндай жағдайда қайта дауыс беру өткізілмейді);
- қайта дауыс беру кезінде басқа кандидатқа қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) дауыс санының көпшілігін алған кандидат сайланған болып есептеледі.[3]

Пропорционалды сайлау жүйесі Парламент Мәжілісінің он депутатын, партиялық тізімге сәйкес пропорционалды өкілдіктер жүйесі бойынша және біртұтас жалпы ұлттық округтің аумақтары бойынша сайлауда қолданылады. Мәжіліс сайлауы өткеннен кейін Орталық сайлау комиссиясы дауыс беруге қатысқан сайлаушылар санының жеті және одан да көп пайызын алған партияларды анықтайды. Осыдан кейін партияны жақтап дауыс берген сайлаушылар дауысының жиынтығы онда — біртұтас жалпы ұлттық округтің аумағы бойынша бөлінетін депутаттың мандаттар санына бөлінеді. Бұл нәтиже таңдап алынған алғашқы бөлінді сан (квота) болып табылады. Әрбір саяси партия жинаған дауыстардың саны квотаға (жеке санға) бөлінеді. Санды бөлу нәтижесінде алынған тұтас бөлік — партиялық тізім құрған тиісті саяси партия алатын депутаттың мандаттар саны болып табылады. Депутаттық мандаттар кандидаттарды тиісті партиялық тізімге орналастырудың

ретінде қатаң бөлінеді. Партиялық тізімдерді құраған саяси партиялар арасындағы депутаттық мандаттарды бөлудің нәтижесінде сайланған депутат мерзімінен бұрын шығып қалған жағдайда, оның мандаты [Орталық сайлау комиссиясының](#) қаулысымен сол партиялық тізім бойынша сайланған келесі кандидатқа беріледі. Тиісті партиялық тізімде кандидаттар қалмаған жағдайда Мәжіліс депутаттарының келесі сайлауына дейін мандат бос қалады. Саяси партияны тарату немесе саяси партиядағы мүшелігін тоқтату осы партияның партиялық тізімі бойынша сайланған Мәжіліс депутаттарының өкілеттілігін тоқтату үшін негіз болып табылады.

2018 жылы Қазақстанның сайлау жүйесінің 25 – жылдығына арнап ұйымдастырылған халықаралаық конференцияда Қазақстан Республикасы Елбасы Н.Назарбаев Орталық сайлау комиссиясын құттықтаған болатын. Нұр-сұлтан қаласындағы Еуропаағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕКЫҰ) бағдарламалары кеңсесінің басшысы Дьердь Сабо, Қазақстан Республикасы Парламент депутаттары, еліміздің мемлекеттік органдарының өкілдері, Парламентаралық достық Ассамблеясының өкілдері және Түркия, Корея, Үндістан, Литва, Латвия, ТМД елдері және т.б. мемлекеттердің өкілдері, халықаралық және қазақстандық сарапшы мамандар қатысқан осы конференцияда Қазақстанның сайлау жүйесіне қатысты бірқатар мәселелер талқыланған болатын. Оның ішінде сайлау жүйесін цифрландыру мақсаттары да қарастырылып талқыға салынды. Елбасы Н.Назарбаев өз сөзінде «Қазақстан Республикасы сайлау жүйесінде халықаралық стандарттарға сай әрекет етеді. Қазіргі таңда сайлау жүйесінде жаңа технологияларды енгізу ерекше қолға алынуда. Олар сайлаудың әділ және ашық өтуіне, мемлекеттік органдардың нақты есеп беруіне, халықтың оларға сенуіне көптеп көмегін тигізеді деген сенімдемін» деген болатын. Яғни халықаралық стандарттарға сәйкес сайлау жүйесінің қызмет атқаруы халықтың сайлауға деген шынайы сенімділігін арттырады.[4] Ал цифрландыру саясаты арқылы ол оның күшін одан сайын көтереді. Себебі цифрландыру аясында мемлекеттік органдардың ашық қызмет етуі барлығына анық көрінетін болады.

Сайлау жүйесінің транспаренттігін арттыру үшін осы Бағдарламаны іске асыру шеңберінде цифрландыру бойынша іс шаралар көзделген. Олар халықтың есебін жүргізетін мемлекеттік органдар, сайлау комиссиялары және жергілікті атқару органдары интеграцияланған сайлаушылар тізімдерін қалыптастыруға және өзекті ететін тиімді жүйе құруға мүмкіндік береді.[5] Жүйенің жалпы қалыптасуы сайлау іс шараларын жүргізу кезінде сайлаушыларды электрондық түрде тіркеу үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді әзірлеуге, сонымен қатар жалпы электрондық сайлау жүйесін одан әрі дамытып жаңғыртуға қызмет ететін болады.

Мемлекетіміз толыққанды цифрландыру саясатын қолдану арқылы, «Цифрлы Қазақстан» атауына ие болды. Сол себепті «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы, сайлау жүйесінде тоқтап қалған цифрландыру жүйесін қайта жандандыру қажет.

Халықаралық тәжірибені қарастырсақ, 1960 жылдардағы сайлау кезінде электрондық сайлау қолданыла бастаған. Бұл тікелей перфокарталардың пайда болуымен байланысты. Алғашқы рет Бразилияда, Үндістан, АҚШ, Вэнсуэлла мен Нидерланды елдерінде қолданылды. Ал қазіргі таңда Ұлыбритания, Эстония, Швейцария мемлекеттерінің үкімет сайлаулары мен референдумдарында кеңінен қолданылса, Канаданың муниципальды сайлауы және АҚШ пен Францияның партия сайлауларында жүзеге асып отыр.

Қазақстанда "Сайлау" атты электронды дауыс беру жүйесі тек 2000 жылы енгізілген болатын. Оны 2005 жылғы президенттік сайлау кезінде пайдаланды.[6] Ол туралы "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 12, 50-1 баптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қаулысында былай көрсетілген: «Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті сайлауын 2005 жылы өткізу кезінде сайлау учаскелерінде электрондық сайлау жүйесінің пайдаланылуы қосымшаға сай айқындалсын және Электрондық сайлау жүйесі пайдаланылатын сайлау округтері мен сайлау учаскелерін айқындау туралы»

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2004 жылғы 17 қыркүйектегі № 138/200 қаулысының күші жойылды деп танылсын. Электрондық сайлау жүйесі дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру кезінде қолданылмайтын болып белгіленсін. Учаскелік сайлау комиссиялары электрондық сайлау жүйесін пайдалану кезінде сайлаушыларға дауыс беру тәсілін таңдау құқығын берсін.» Сол кезде дауыс берудің екі жолы болды. Біреуі – дәстүрлі бюллетень, екіншісі – электронды жүйе. 2005 жылғы сайлауда Нұрсұлтан Назарбаев 91,15 пайыз дауыс жинап, президенттікке қайта сайланды. Оның басты қарсыласы Жармахан Тұяқбайға сайлаушылардың 6,61 пайызы дауыс берген.

Электронды сайлау жүйесін таңдаған сайлаушыға алдымен арнайы электронды карта берілетін. Жасырын дауыс беру кабинасына кіргеннен кейін ол картаны терминалға салу қажет. Экранға бірден электронды бюллетень шығады. Осыдан кейін қолды экранға тигізу арқылы, өзі меңгерген тілді таңдап, кандидатқа дауыс беруге мүмкіндік болған. Картаны қайта алып, учаскелік комиссияның мүшесіне беру керек. Сөйтіп, сайлаушының дауысы есептелген болатын.

Алайда сайлаушылар оған сенімсіздікпен қарады. Еліміздің саяси партиялары мен байқаушылары тарапынан да сын-ескертпелер көп айтылды. Сол себепті 2007 жылы "Сайлау" электронды дауыс беру жүйесін қолдануды тоқтатты.

Жалпы Орталық сайлау комиссиясының №128/164 18 тамыз 2004 жылғы қаулысына сәйкес қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында регламенттелмеген бөлігінде электрондық сайлау жүйесін пайдалану тәртібі туралы ережесінде электрондық сайлау тәртіптері көрсетілген.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" заңның 9-1-тарауы «Электрондық сайлау жүйесі арқылы сайлау өткізудің ерекшеліктері» деп аталады.[3] Осы заңның 50-1 бабы бойынша «*Электрондық сайлау жүйесі* - сайлауға әзірлену мен оны өткізу кезінде ақпараттық процестерді автоматтандыруға арналған ақпараттық технологиялардың, ақпараттық желілердің және оларды бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету құралдарының жиынтығы».

«Электронды дауыс қалай беріледі?» деген сұрақ көкейіңізде орын алуы мүмкін. Қарапайым дауыс беру, яғни қағазда көрсетілген нұсқаны қаламмен белгілеу барлығымызға түсінікті. Ал дауыс беру электронды бюллетень арқылы жасалады. Электронды дауыс беру басталғанға дейін сайлау комиссиясының төрағасы электронды сайлау жүйесін қосудың мөр басылып жабылған паролін ашып, электрондық сайлау жүйесін оны енгізу арқылы іске қосады. Бұл кезекте қатысушыларға паролдің сақталу шараларының толыққанды бүтіндігіне алдын ала көз жеткізу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Сайлаушы алдымен куәлігін көрсетеді. Одан кейін кабинаға кіріп, арнайы құрылғы арқылы дауыс береді. Кабинаға кірердің алдында арнайы маманның кеңесін алуға болады. Бірақ кабинаға мамансыз, жалғыз өзі кіруі керек.

Дегенмен, заң бойынша сайлау учаскесінен тыс жерден де дауыс беруге болады. Ол үшін дауыс беруге арналған тасымалданатын құрылғы қолданылады. Оны Орталық сайлау комиссиясының арнайы дайындалған өкілі жүргізеді. Ал техникалық ақаулықтар болған жағдайда дауыс беру жалпы негізде жүргізіледі.

Оған сәйкес, электронды сайлау жүйесінің жабдықтары учаскелік комиссия мүшелерінің қатысуымен дауыс беруге кемінде үш күн қалғанда ашылып орнатылады. Аталған жұмыстар бойынша акт жасалады. Оған байқаушылар және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатыса алады.

Содан бастап ішкі істер органдары сайлау учаскесін күзетуге кіріседі. Ал жергілікті атқарушы органдар дауыс беру нәтижелері Орталық сайлау комиссиясына берілгенге дейін электронды жүйемен істейтін учаскелерге электр энергиясының үздіксіз берілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Аталмыш заңның 50-8 бабына сәйкес, сайлаушылар электрондық сайлау жүйесін пайдалана отырып, дауыс беру нәтижелеріне жоғары тұрған сайлау комиссияларымен қатар,

сотқа да шағымдана алады. Ол кезекте шағымдану кезінде дауыс беру тууралы деректерді жазуға арналған құрылғылар дәлелдеме ретінде қаралады. Құрылғыларды облыстық аумақтық сайлау комиссиясы сайлау аяқталған күннен бастап бір жыл бойына сақтайды.

Электронды сайлау жүйесінде техникалармен жұмыс жасау қажеттілігі туатындықтан, сайлау қорытындысының сапасы тікелей байланысты. Техникалардың дұрыс қызмет атқармауына қатысты әлемдік электрондық сайлау кезінде орын алған тарихи оқиғалар бар. Мысалы ретінде атап айтсақ, Калифорнияда 2000 жылғы президенттік сайлауы; Калифорнияда 2004 жылғы сайлау кезінде сканер аппараты 6692 бос бюллетенді санап жіберуі; Нидерландыда 2006 жылғы сайлау кезінде 1187 сайлау құрылғылары дауыс берушілердің сайлау кезіндегі әрекеттерін тындауы; 2019 жылы Мәскеу қалалық дума сайлауында дистанциялық дауыс беру процесі сайлау уақытының үштен бір бөлігінде ғана жасаған.[7]

Қорытындылай келе, жоғарыда айтылып өткен аталмыш мәселелер жалпы сайлаудың әділдігіне кедергі тигізетіні сөзсіз. Соған орай мемлекет электронды сайлау жүйесіне көшу үшін, бірінші кезекте, осы саладағы қызметтерді толыққанды және жан-жақты цифрландыру қажет. Содан кейін ғана электронды сайлау жүйесі халыққа сенімді нәтижелерін көрсетеді. Ал бұл нәтиже қазақстандағы сайлау жүйелерінің демократиялық жолмен өтетіндігін қамтамасыз етуге айтарлықтай көмек көрсететіні белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Елбасы Н.Назарбаевтың 31.01.2017 жылғы Халыққа Жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» [Электрондық мәтін]// «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nnazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar (қаралған күні – 02.05.2020).
2. ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсанның №827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы [Электрондық мәтін]// «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827> (қаралған күні – 02.05.2020).
3. «ҚР сайлау туралы» ҚР 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық Заңы. (2019.30.12. берілген [өзгерістер мен толықтыруларымен](#)) [Электрондық мәтін]// «Юрист» ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51004029#activate_doc=2 (қаралған күні – 02.05.2020).
4. «[Республикалық референдум туралы](#)» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 қарашадағы N 2592 Конституциялық заңы [Электрондық мәтін]// «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002592/_history (қаралған күні – 02.05.2020).
5. «Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ» ҚР Президенті Жарлығымен 1996 жылғы 11 қарашада №3205 бекітілген [Электрондық мәтін]// «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U960003205> (қаралған күні – 02.05.2020).
6. «Қазақстанда электронды сайлау жүйесі неге әске аспай қалды?» <https://sputniknews.kz/society/20190607/10422398/Qazaqstanda-elektrondy-saylau-zhuyesi-nege-iske-aspay-qaldy.html>
7. [В Госдуму внесли законопроект о тестировании электронного голосования в Москве. Ведомости.](#) <https://www.vedomosti.ru/politics/news/2019/02/26/795201-elektronnogo-golosovaniya>